

ӘДІСТЕМЕЛІК ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ

Хаттама №8

Өткізілген күні: 17.04.2026 жыл

Қатысқандар: 20

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Балалардың тамақтану сәтіндегі мәдени-гигиеналық дағдылары туралы.
3. Әлеуметтік дағды бойынша бағдарламалық мазмұнның орындалуы туралы салыстырмалы бақылау қорытындысы.
4. Аттестатталатын педагогтардың портфолиосын талдау туралы.

1. Тыңдалды: Балабақша әдіскері Г.Ж.Ниятбаева өткен кеңестің шешімі бойынша тәрбиешілер серуен кезінде балалардың өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын сақтап, балаларды үнемі бақылауда ұстау керектігі жөнінде айтып өтті. Қауіпсіздік ережелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Балалармен ұлттық ойындар, шығармашылық жұмыстар өткізілді. Ертеңгіліктер бекітілген кестеге сәйкес өткізілді. Тәрбиешілер дайындық жұмыстарын уақытылы жүргізді. Тәрбиешілер ата-аналармен бала қауіпсіздігі, тәрбие, күн тәртібі және баланың дамуы бойынша тұрақты байланыс жасап, түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

2. Тыңдалды:

Балабаша медбикесі З.Т. Бурханова балалардың тамақтану кезіндегі мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру жұмыстары туралы баяндама жасады. Балалардың ас ішер алдында қол жуу, тазалық сақтау, ас құралдарын дұрыс пайдалану, тамақтану мәдениетін меңгеруі бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар айтылды.

3. Тыңдалды: Шығармашылық топтың салыстырмалы бақылау қорытындысы қаралды. Балалардың әлеуметтік қарым-қатынас дағдылары, өзара әрекеттесуі, ортаға бейімделуі бойынша жүргізілген жұмыстар талданды.

4. Тыңдалды: Аттестаттау комиссия мүшелері педагогтердің портфолиоларын карап, құжаттардың талапқа сәйкестігін талқылады. Педагогтердің жетістіктері, тәжірибесі, шығармашылық жұмыстары сараланды.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы әдістемелік отырыста күн тәртібі мәселелерін тыңдап, талқылай келе, қаулы етті.

Қаулы:

1. Тәрбиешілер балалардың тамақтану кезінде мәдени-гигиеналық дағдыларын күнделікті қалыптастыру жұмыстарын жалғастырсын.
2. Әлеуметтік дағдыларды дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.
3. Құжаттарды рәсімдеу кезінде әдістемелік көмек көрсетілсін.

Торайым:

Хатшы:

А.Е. Карабалина

Г.Ж. Ниетбаева



ӘДІСТЕМЕЛІК ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ

Хаттама № 9

Өткізілген күні: 13.05.2026 жыл

Қатысқандар: 20

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Балалардың біліктері мен дамуының қорытынды мониторингінің нәтижесін талдау.
3. Ақылы қосымша үйірме жұмыстарының жүргізілу барысын кешенді бақылау.
4. Шығармашылық топтың жұмысы туралы есеп беру.
5. Балалардың мектепке оқуға дайындығы.

1. Тыңдалды:

Өткен кеңестің шешімі бойынша тәрбиешілер балалардың тамақтану кезінде мәдени-гигиеналық дағдыларын күнделікті қалыптастыру жұмыстарын уақытында жүргізуде. Әлеуметтік дағдыларды дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіді. Аттестациядан өтетін педагогтерге құжаттарды рәсімдеу кезінде әдістемелік көмек көрсетілді.

2. Тыңдалды:

Әдіскер: Г.Ж. Ниетбаева балалардың оқу жылы бойындағы даму көрсеткіштері бойынша қорытынды мониторинг нәтижелерімен таныстырды. Балалардың білім, білік, дағдыларының қалыптасу деңгейі сараланып, алдағы жұмыстарға ұсыныстар берілді.

3. Тыңдалды:

Сөз сөйледі: Тәрбиеші Д.Н. Бисеналина ақылы қосымша үйірме жұмыстарының ұйымдастырылуы, балалардың қызығушылығы және қатысу белсенділігі бойынша бақылау қорытындысын ұсынды.

4. Тыңдалды: Шығармашылық топ жетекшісі М.А. Сариева жыл бойы атқарылған жұмыстар, өткізілген іс-шаралар және педагогтерге көрсетілген әдістемелік көмектер туралы есеп берді.

5. Тыңдалды:

Психолог А. Айжанова балалардың мектепке психологиялық, әлеуметтік және танымдық даярлығы туралы ақпарат берді. Балалардың бейімделу

деңгейі, зейін, есте сақтау қабілеттері бойынша жүргізілген жұмыстар талданды.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы әдістемелік отырыста күн тәртібі мәселелерін тыңдап, талқылай келе, қаулы етті.

Қаулы:

1. Балалардың даму көрсеткіштері бойынша жүргізілген талдау нәтижелері назарға алынсын.
2. Ақулы қосымша үйірме жұмыстарын жоспарға сәйкес сапалы жүргізу жалғастырылсын.
3. Педагогтердің шығармашылық ізденістерін қолдау жұмыстары жалғастырылсын.
4. Ата-аналарға балаларды мектепке дайындау бойынша кеңестер берілсін.



А.Е. Карабалина
Г.Ж. Ниембаева